

**Мәслихаттың 2013 жылғы 3 қазандағы № 161 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2014 жылғы 27 қарашадағы № 277 шешімі. Қостанай облысының Әділет депатаментінде 2014 жылғы 25 желтоқсанда № 5246 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2016 жылғы 1 тамыздағы № 52 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 01.08.2016 № 52 шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, сәйкес Федоров аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2013 жылғы 3 қазандағы № 161 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4282 тіркелген , 2013 жылғы 7 қарашада "Федоровские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

7-тармақтың 8) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"8) Ұлы Отан соғысының қатысушылар мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне орай, 150 000 (жүз елу мың) теңге мөлшерінде;"

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессияның төрайымы*  
*Аудандық*  
*мәслихаттың хатшысы*

*С. Сералинова*

*Б. Бекенов*

